

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.405-408

КРЕДИТТЕР МЕН ЛИЗИНГТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Хамит Айдос

Қазіргі нарықтық қатынас жағдайын, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерді материалдық - техникалық құралдар мен жабдықтайтын өнеркәсіп салалары мен байланыстыратын делдалдар арқылы жүргізілуде. Оның себебі ауыл шаруашылық өндірісінің өзіндік ерекшелігіне байланысты. Ол, материалдық-техникалық жабдықтаудағы ұйымдастыруы мен жоспарлаудағы өзгешеліктері. Осындай өзгешеліктердің бірі - ауыл шаруашылығында өндірістік кезеңнің жұмыс кезеңімен тура келмеуі. Мұнда өндірістік уақыт екі кезеңнен құралады: бірінші кезең - тікелей адам еңбегінің әсерімен жасалатын өндірістік процесс кезеңі, екіншісі - табиғи процестердің әсері мен жасалатын кезең. Осы процестер өндіріс нәтижесінде ауыл шаруашылығында, оның қоғамдық сипатына байланыссыз, ұдайы өндіріс табиғи процесі мен әрдайым бірігіп, тұтасып кетеді. Бұл жағдайлар ауыл шаруашылық өндірісі үшін маңызды экономикалық ерекшеліктер [1].

Сондықтан да, ауыл шаруашылығындағы барлық құрылымдардың, әсіресе кәсіпкерлердің тиімді жұмыс істеу үшін техникалық жарақтануы жоғары деңгейде болуы тиіс. Шаруашылықтардың кейінгі жылдардағы жабдықтану жағдайын мына төмендегі кестеден көруге болады (кесте 1).

1 кесте - Облыстың ауыл шаруашылық кәсіпорындарының техникалық базасының көрсеткіштері (дана)

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2015 ж. % - 2013 ж. %
Барлық маркалы тракторлар (арнайы машиналар қондырған тракторларды қосқанда)	3379 2931	2199	2131	72,7
Тракторлардың тіркемелері	2399	2133	1825	76,1
Астық кептіргіштер	405	3 10	153	37,8
Дестелегіштер	230	190	121	52,6
Комбайндар:				
Астық жинайтын	690	671	598	86,7
Жүгері жинайтын	57	43	35	61,4
Жем-шөп жинайтын	123	82	57	46,3
Мақта жинайтын	313	271	198	63,3

аудандар	158	194,6	37	146,2	121	48,4	110	264,1
Облыс бойынша барлығы	278	330,2	66	245,0	212	85,2	334	705,1
Е с к е р т п е - Оңтүстік Қазақстан облыстық статистикалық басқармасының мәліметтерімен құрастырылған								

Кестедегі көрсеткіштерге қарағанда лизинг шарт жасау жылдан жылға өріс алууда. 2015 жылға дейін лизинг шартымен барлығы 280-ге жуық техника алынса, 2016 жылдан бастап оның саны – 334-ке жетпек, ал құны 2 еседен артық (230,2-705,1).

Сонымен, ауыл шаруашылық құрылымдарда кәсіпкерлікті дамыту, материалдық-техникалық базаны жетілдіруді талап етеді.

Ауылдағы өндірістерде лизингтік қатынастарды ары қарай дамыту үшін және облыстағы машина трактор паркін жаңарту мақсатында «Ауыл көмек» жабық акционерлік қоғам құрылууда. Оның акционерлері - мемлекеттік мүлік пен коммуналдық меншік жекешелендіру басқармасының департаменті, «МТС агросервис», «Интеграция агрохим» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен «Алатау» жабық акционерлік қоғамы болып отыр.

Президенттің кейінгі жылдардағы Қазақстан халқына жолдауларында экономиканың тұрақты дамуына бағытталған мәселелердің кең өріс алуы үшін жағдай жасау керектігін, әрбір іскер қазақстандық инновациялық экономикадағы өз орнын табуға тиіс және кәсіпкерліктің жаңа идеологиясын қалыптастыруын керек екенін атап өтті [3].

Агробизнесті тұрақты жүргізу үшін АӨК субъектілеріне (ауыл шаруашылығы техникаларының лизингін қоса алғанда) негізгі құралдарды сатып алуға және айналымдағы қаражатын толықтыруға қаражат қажет, олар негізінен қаржы институттарының қарыз қаражаты есебінен тартылады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігінен (табиғат жағдайларына тәуелділік, экономиканың басқа салаларымен салыстырғандағы төмен өнімділік және рентабельділік) қаржы институттары АШТӨ-ге жоғары сыйақы ставкаларымен қысқа мерзімді кредиттер береді.

Осылайша, ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2016 жылдар кезеңінде АӨК субъектілеріне берілген кредиттер бойынша орташа пайыздық сыйақы ставкасы 12-16 %-ды, ал экономиканың басқа секторларында 10-13 %-ды құрайды.

Нәтижесінде АӨК субъектілері негізгі және айналым қаражатты толықтыруға арналған кредиттер бойынша жоғары сыйақы төлейді, бұл өнім бірлігін өндірудің өзіндік құнының артуына әкеліп соқтырады және оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

АӨК субъектілері үшін қаржылық жүктемені төмендету проблемасын шешу мақсатында АӨК субъектілеріне (соның ішінде дәнді, майлы және бұршақты дақылдар өндірумен айналысатын) берілген лизинг пен кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау көзделетін болады.

Ауыл шаруашылығының техникамен жарақтануының қазіргі деңгейі оның тиімді дамуын тежеуде. Осының барлығы маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу мерзімдері мен сапасына теріс әсер етеді. Қажетті техникасының, жабдықтарының жоқтығынан, арзан және ұзақ мерзімді кредит ресурстарына қанағаттанарлықсыз қолжетімділіктен АӨК субъектілері ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өндеуде оңайлатылған технологияларды қолдануға мәжбүр. Ауыл шаруашылығы техникасының, қосалқы бөлшектердің, жабдықтардың жоғары құны, банктік кредиттердің/лизингтердің қысқа мерзімділігі АШТӨ басым көпшілігіне негізгі құралдарын жаңартуға мүмкіндік бермейді.

Негізгі құралдарды сатып алуға бағытталатын кредиттік қаражаттың негізгі көлемі ЕДБ-нің және лизингтік компаниялардың қарыз (тартылған) және меншікті қаражатының есебінен жүзеге асырылады. Кредиттің/лизингтің 12-15 % орташа сыйақы ставкасын ескере отырып, шаруа 7-9 жылда іс жүзінде жабдықтың/техниканың екі құнын төлейтіні шығады. Бұл ретте, АШТӨ-ге берілген кредиттер бойынша ЕДБ белгілейтін қайтару мерзімдері ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне сәйкес келмейді, салымдардың ұзақ өтелуімен айрықшалаанады.

Осыған байланысты, аграрлық секторда берілген кредиттердің 42%-ы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарына келетін ахуал қаржылық нарықта қалыптасқан.

ЕДБ-нің, микрокредиттік ұйымдардың және кредиттік серіктестіктердің АӨК жобаларын қаржыландыруға аз қатысуы оларда ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жоқ болуымен және саланың жоғары кредиттік тәуекелдерімен түсіндіріледі.

Кесте 3. Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары				
		2016	2017	2018	2019	2020
1	Лизингті қоса алғанда, сыйақы ставкаларын субсидиялау есебінен АӨК субъектілеріне берілген кредиттер сомасы, млрд.теңге	600,3	747,2	886,8	951,0	1 020,9

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары				
		2016	2017	2018	2019	2020
2	ЕДБ-ні, микрокредиттік ұйымдарды және кредиттік серіктестіктерді қорландыру есебінен АӨК субъектілері алған кредиттер сомасы, млрд. теңге	12	14	16	18	20

Осы проблеманы шешу үшін Германияның тәжірибесін қолдану және АӨК жобаларын АӨК субъектілері үшін қолайлы шарттарда олардың одан әрі қаржыландырулары үшін ЕДБ-ні қорландыру үшін «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ пайдалану ұсынылады. Бұл ретте, тартылған ақшаны холдинг директорлар кеңесі кезең-кезеңімен бекітетін және қайта қарайтын лимиттерге сәйкес еншілес ұйымдарына орналастыруы мүмкін [4].

Осылайша, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ АӨК субъектілерін тікелей кредиттеуді кезең-кезеңімен қысқартып, меншікті және тартылған қаражат негізінде

ЕДБ-ні, микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктерді қорландыруды жүзеге асыратын болады. Бұл дамыған филиалдық желісі бар қолданыстағы банктік инфрақұрылымды пайдалана отырып, қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ АӨК субъектілеріне қолайлы бекітілген ставка бойынша қарыздарды неғұрлым ұзақ мерзімге, сондай-ақ банктік қызметтердің толық спектрін алуға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша пайыздық ставканы субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін мемлекеттік қолдаудың осы түрі бойынша оператор ретінде жұмыс істейтін ұйым тартылатын болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Досымбеков Е. [Финансовый лизинг](#) // Бухгалтер и налоги, № 6, декабрь 2015 г.
- 2 Закон Республики Казахстан «О лизинге» от 05.06.2000 г
- 3.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», Астана 2010 ж., қаңтар.

3. Алпатов А. В. Оценка дилерской сети и лизинговых отношений сельскохозяйственных машиностроительных организаций. Аграрная наука №1, 2016год.

4. Albu, C.N., Albu, N., Fekete, S., Gîrbină, M.M., Selimoglu, S.K., Kovacs, D., Lukacs, J., Mohl, G., Mullerova, L., Pasokova, M., Poroy Arsoy, A., Sipahi, B., Strouhal, J., Implementation of the IFRS for SMEs in emerging economies: Stakeholders perceptions in the Czech Republic, Hungary, Romania and Turkey, Journal of International Financial Management and Accountingg (indexed in Thomson ISI, IF=0,333), vol. 24, no. 2: 140-175, 2013, ISSN 1467-646X.